

«АЛМАТЫ АУДАНЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА
ТІРКЕУ

2019 ж. 12 06 ЖУРГІЗЛДІ
БСН 880240003251
АЛГАШЫ ТІРКЕЛГЕН КУНІ 02.02.ЖЫЛ 1988
МЕЛІК № 9480-1901-03-МК

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТЕ
КОРПОРАЦИЯСЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ НҰР-СҮЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ФИНАНСЫНЫҢ ҰЫЗДЕКСІЛДІКТІН ШУЛКЕЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
Бастапқы тұрғалған 9480-02-02
ТІРКЕЛГЕН СӨГЕРГІЛІКТЕРДІН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫН
ХАРАДЫ
№ 9480-1901-НД-МК-02
БСН 880240003251

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

Мемлекеттік мұлік және
жекешелендіру комитеті

Төрағасының

2019 жылғы «7» маусым
№ 604 бұйрығымен бекітілген



«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТЕ
КОРПОРАЦИЯСЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ НҰР-СҮЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ФИНАНСЫНЫҢ ЖЫЛДЫМАЙТАН МУЛККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА
ТІРКЕУ 2019 ж. 16 02 ЖУРГІЗЛДІ
БСН 880240003251
№ 7737901-НД-МК
Бастапқы тіркелген күні
1998 ж. 02 02

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау
комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау
ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы - 2019 жыл

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» респубикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын «Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігінің «Дәрі-дәрмек» дәрілік құралдар орталығы» респубикалық мемлекеттік казыналық кәсіпорнының жекелеген мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 қазандағы № 1081 қаулысына сәйкес құрылды.

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігінің «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 сәуірдегі № 527 қаулысына сәйкес Кәсіпорын оған мынадай еншілес мемлекеттік кәсіпорындарды қосу арқылы қайта ұйымдастырылды:

1) «Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігінің «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Қарағанды облысы бойынша дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны;

2) «Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігінің «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Қостанай облысы бойынша дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны;

3) «Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігінің «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Павлодар облысы бойынша дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны;

4) «Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігінің «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Жамбыл облысы бойынша дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны;

5) «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау үлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Шығыс Қазақстан облысы бойынша дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау орталығы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны.

Кәсіпорын көрсетілген еншілес кәсіпорындардың табыстау актілеріне сәйкес берілген барлық құқығы мен міндетінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 1005 қаулысына сәйкес Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау үлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта аталды.

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысына сәйкес Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау үлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта аталды.

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 177 қаулысына сәйкес Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау үлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта аталды.

Кәсіпорын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы саласындағы бірыңғай жүйеге кіреді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама үйімі болып табылады.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік республикалық меншік құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі - мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:

толық:

мемлекеттік тілде – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды саралтау үлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

орыс тілінде – Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Национальный центр экспертизы лекарственных средств и медицинских изделий» Комитета контроля качества и безопасности товаров и услуг Министерства здравоохранения Республики Казахстан;

қысқа:

мемлекеттік тілде – КР ДСМ ТКҚС мен ҚБК «ДЗ мен МБ СҰО» ШЖҚ РМК;

орыс тілінде – РГП на ПХВ «НЦЭЛС и МИ» ККК и БТУ МЗ РК.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 20.

2-тaraу. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндettі түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3-тaraу. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні мемлекеттік монополияға жатқызылған денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігін, тиімділігін және сапасын қамтамасыз ету болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін мемлекеттік монополияға жататын қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды саралтау;

2) Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігін және сапасын бағалау.

15. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіpte мемлекеттік монополиямен технологиялық байланысты қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулер, сондай-ақ биоэквиваленттілікке сынақтардың биоталдамалық бөлігін жүргізу;

2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде референттік баға белгілеуді жүргізу;

3) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар жарнамалық материалдарының алдын ала сараптамасын жүзеге асыру;

4) ақпараттық және консультациялық қызметтерді көрсету, оқыту ішараларын ұйымдастыру, сондай-ақ мамандандырылған журнал шығару;

5) фармацевтикалық және медициналық терминологияны, дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтарды, каптама макеттерін, жарнамалық және басқа да мамандандырылған материалдарды мемлекеттік тілге аударуды жүзеге асыру;

6) фармацевтикалық өнімге сертификат жобасын дайындау бойынша құжаттарға талдау және бағалау жүргізу;

7) өндіріс жағдайларын және сапаны қамтамасыз ету жүйесін, базаларда клиникаға дейінгі (клиникалық емес), клиникалық зерттеулер жүргізу жағдайларын бағалауды, тіркеу куәліктерін ұстаушылардың фармакологиялық қадағалау жүйесін бағалауды, медициналық бұйымдардың өндірушілері қолайсыз оқиғаларының (оқыс оқиғаларының) мониторингін және дәрілік заттар, медициналық бұйымдар өндірушілерін сертификаттауды жүзеге асыру;

8) бақылау-талдамалық қызмет көрсетуді және дәрілік препараттар дайындау құқығы бар дәріханаларды реактивтермен және титрленген ерітінділермен қамтамасыз етуді жүзеге асыру, сондай-ақ дайындалған дәрілік препараттардың зертханалық талдауларын жүргізу.

16. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ мәмілелерді жасауга құқылы емес.

17. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құқағтарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не Кәсіпорынның Басқарма Төрағасының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Кәсіпорынды басқару

18. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Кәсіпорынның құрылтайшысы болады;

2) Қазақстан Республикасының атынан Кәсіпорынға қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің құқығын жүзеге асырады;

3) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттарын, сондай-ақ Кәсіпорын түрін айқындайды, Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтыруларды енгізеді;

4) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынға берілген немесе ол өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

5) Кәсіпорын мүлкінің мақсатты және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

6) Кәсіпорынның мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, артық, пайдаланбайтын не мақсатына сай пайдаланбаған мүлкін, бақылауды жүзеге асырған кезден бастап алты ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алып қоюды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынға алып қойылған мүлікті күтіп ұстау және оны кейіннен тәңгерімнен шығара отырып, өзге тұлғаға бергенге дейін сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

8) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруға келісім береді;

9) Кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды коспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар мен өкілдіктер құруға, сондай-ақ дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға келісім береді;

10) Кәсіпорында бекітіліп берілген мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруге талдау жүргізеді;

11) Кәсіпорынның жұмыс істеуі мен оны басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыруды және жүргізуі жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

19. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсатын айқындау бойынша, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын Кәсіпорынның түрін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

4) Кәсіпорын мүлкінің сақталуына және Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорынға берілген немесе ол өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім береді;

- 6) Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырады;
 - 7) Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;
 - 8) мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;
 - 9) Кәсіпорынның таза табыстың белгіленген бір бөлігін республикалық бюджетке толық және уақытылы аударуын бақылауды жүзеге асырады;
 - 10) Кәсіпорын Басқарма Төрағасының ұсынымы бойынша оның орынбасарларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;
 - 11) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;
 - 12) Кәсіпорын Басқарма Төрағасының, оның орынбасарларының және бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;
 - 13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның күзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.
20. Кәсіпорынның органы оның атқарушы органы, сондай-ақ осы Жарғының б-тарауында көзделген жағдайларда байқау кеңесі болып табылады.
21. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның Басқарма Төрағасымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.
22. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

5-тарау. Кәсіпорынның атқарушы органы

23. Кәсіпорынның ағымдағы қызметіне басшылықты алқалы атқарушы орган - Басқарма жүзеге асырады.

Басқарманы Басқарма Төрағасы басқарады.

Басқарма байқау кеңесіне есеп береді.

Басқарма тиісті саланың уәкілетті органының және байқау кеңесінің шешімін орындауға міндетті.

Басқарма «Мемлекеттік мұлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі - Меммүлік туралы заң), Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Кәсіпорынның Жарғысымен Кәсіпорынның басқа да органдары мен лауазымды адамдарының күзыретіне жатқызылмаған Кәсіпорын қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

Басқарманың шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Басқарманың отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қоюы және онда дауыс беруге койылған мәселелер, Басқарманың әр мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс

беру нәтижесі көрсетіліп, бұлар бойынша дауыс беру қорытындысы қамтылуы тиіс.

Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.

24. Тиісті саланың уәкілетті органы Басқарма Төрағасын және Басқарманың мүшелерін байқау кеңесінің келісімі бойынша лауазымға тағайындауды және оның алдын ала келісімі бойынша лауазымынан босатады.

Басқарма Төрағасын және Басқарманың мүшесін сайлау, тағайындау, аттестаттаудан өткізу Меммұлік туралы заңының 139-бабының 3-тармағында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Басқарма Төрағасымен және Басқарманың мүшелерімен жасалатын еңбек шартына тиісті саланың уәкілетті органы қол қояды.

25. Басқарма Төрағасы:

1) тиісті саланың уәкілетті органы және байқау кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Кәсіпорын атынан әрекет етеді;

3) банктік шоттар ашады, барлық жұмыскерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

4) үшінші тұлғалармен қатынастар Кәсіпорынның мұддесін білдіру құқығына сенімхат береді;

5) Меммұлік туралы заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын жұмыскерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады, оларға көтермелей шараларын колданады және тәртіптік жазалар колданады;

6) езі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

7) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер саласын және жауапкершілікті бөледі;

8) жеке жауаптылықта болады:

каржы-шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін;

Кәсіпорынның даму жоспарын іске асырудың нәтижелілігіне және тиімділігіне;

таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін;

9) Кәсіпорынның Жарғысымен айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

26. Басқарма мүшесі байқау кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Басқарма Төрағасы және Басқарманың мүшелері атқарушы орган басшысының не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамның лауазымын атқаруға құқылы емес.

Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Кәсіпорынның Жарғысымен, сондай-ақ еңбек шартымен айқындалады.

6-тарау. Байқау кеңесі бар Кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері

27. Кәсіпорынның байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекітеді;

3) демеушілік және қайырымдылық көмек пен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін тиісті саланың уәкілетті органына ұсыныстар енгізеді;

5) Кәсіпорынның Басқарма Төрағасын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзы мәселелері бойынша тиісті саланың уәкілетті органының ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде Кәсіпорын Басқарма Төрағасының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларына ұстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттігінің мерзімін және жалакысының мөлшерін айқындаиды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлейді;

10) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді;

11) Кәсіпорынның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді;

12) Басқарманың құрамына тағайындауға кандидатураларды сайлайды, сондай-ақ Кәсіпорынның Басқарма мүшесімен еңбек шартын бұзы мәселесін алдын ала келіседі;

13) Кәсіпорынның ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындаиды, оның басшысы мен мүшелерін тағайындаиды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы болады, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбекақысы мен сыйақы беру мөлшерін және шарттарын айқындаиды;

14) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйым көрсететін қызметтерге ақы төлеу мөлшерін айқындаиды;

15) Кәсіпорынның ұйымдық құрылымын бекітеді;

16) Кәсіпорын немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен коргалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты айқындайды;

17) Меммүлік туралы занда және (немесе) Кәсіпорынның Жарғысында көзделген, тиісті сала үекілетті органының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де өкілеттікті жүзеге асырады.

Байқау кеңесінің осы тармақта белгіленген өкілеттіктерін Кәсіпорынның Басқармасына беруге жол берілмейді.

28. Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің талабы бойынша Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері байқау кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер жөніндегі ақпаратты ұсынуға міндетті.

29. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

30. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысын оның Төрағасы өз бастамасы бойынша, тиісті саланың үекілетті органының, байқау кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша шақыруы мүмкін.

31. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы, егер байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, занды болып табылады. Байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе өзге жеке тұлғага (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

32. Байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тен болған жағдайда, Кәсіпорынның байқау кеңесі төрагасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

33. Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және оларға байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

7-тарау. Кәсіпорынның ішкі аудит қызметі

34. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігіне мониторингті жүзеге асыру үшін тиісті саланың үекілетті органының шешімі бойынша ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

35. Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері байқау кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.

36. Ішкі аудит қызметі байқау кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

8-тарау. Кәсіпорынның мұлкі

37. Кәсіпорынның мұлкін, құны оның теңгерімінде көрсетіletін Кәсіпорынның активтері құрайды.

38. Кәсіпорынның мұлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

39. Кәсіпорынның мұлкі:

1) оған меншік иесі берген мұліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де каражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

40. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

41. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

42. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

43. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз тәңгеріміне бекіткен сәтінде туындаиды.

44. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

45. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген және меншік құқығын тоқтату тәртіппен негіздері бойынша, сондай-ақ Меммүлік туралы заңның 144-бабында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

46. Кәсіпорын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органдың жазбаша келісімімен тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мыналарға:

1) филиалдар, өкілдіктер құруға;

2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешегіне билік етуге;

3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;

4) қарыздар беруге құқылы.

47. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

48. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе меншік иесі (мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) өзгеше белгілемесе, осы Жарғының 46 және 47-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алған мүлікпен жасалған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

9-тарау. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

49. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

50. Кәсіпорын таза табыстың бір бөлігін республикалық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

51. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

52. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асырудан Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мұлікті бухгалтерлік есеп қагидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

10-тарау. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

53. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 1 803 733 600 (бір миллиард сегіз жүз үш миллион жеті жүз отыз үш мың алты жүз) теңгені құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі сәтінде толық қалыптастыруы тиіс.

11-тарау. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

54. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және тиісті саланың уәкілетті органдының келісімі бойынша қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның Басқармасы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

55. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгеріді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

56. Кәсіпорын жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізеді, ол байқау кенесінің, Басқарманың, тиісті саланың уәкілетті органдының бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражаты есебінен жүргізуі мүмкін.

12-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі

57. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

58. Мемлекет құрылтайшының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе тиісті саланың уәкілетті органының іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Бұл жағдайларда мемлекет Кәсіпорынның қаражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

13-тарау. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

59. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

60. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйлақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындаиды.

61. Кәсіпорын Басқарма Төрағасының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйлақы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

14-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

62. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

63. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заннамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

15-тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

64. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі.

65. Егер Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше белгіленбесе, Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

66. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

67. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, республикалық бюджеттің табысына есептеледі.

16-тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

68. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

Уәкілетті тұлға А. Нұртаев



Утвержден
приказом Председателя
Комитета государственного
имущества и приватизации
Министерства финансов
Республики Казахстан
от « 7 » июня 2019 года



УСТАВ
Республиканского государственного
предприятия на праве хозяйственного ведения «Национальный центр
экспертизы лекарственных средств и медицинских изделий»
Комитета контроля качества и безопасности товаров и услуг
Министерства здравоохранения Республики Казахстан

город Нур-Султан - 2019 год

Глава 1. Общие положения

1. Республиканское государственное предприятие «Национальный центр экспертизы лекарственных средств и медицинских изделий» Комитета контроля качества и безопасности товаров и услуг Министерства здравоохранения Республики Казахстан (далее - Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве хозяйственного ведения.

2. Предприятие создано в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 2 октября 2002 года № 1081 «Отдельные вопросы Республиканского государственного казенного предприятия «Центр лекарственных средств «Дарі-дармек» Министерства здравоохранения Республики Казахстан».

3. В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 26 апреля 2012 года № 527 «О реорганизации Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Национальный центр экспертизы лекарственных средств, изделий медицинского назначения и медицинской техники» Министерства здравоохранения Республики Казахстан» Предприятие реорганизовано путем присоединения к нему следующих дочерних государственных предприятий:

1) дочернего государственного предприятия «Центр экспертизы лекарственных средств, изделий медицинского назначения и медицинской техники по Карагандинской области» Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Национальный центр экспертизы лекарственных средств, изделий медицинского назначения и медицинской техники» Министерства здравоохранения Республики Казахстан»;

